

негативного воздействия индустрии моды на природу требует комплексного подхода на глобальном уровне. Это включает в себя внедрение устойчивых технологий, прозрачность поставок, экологически чистое производство и осознанное потребление. Важно сформировать у будущих специалистов понимание экологической ответственности, дать им знания и практические навыки для создания одежды, которая не наносит вреда окружающей среде. Включение принципов рационального использования природных ресурсов в образовательный процесс позволит студентам не только создавать конкурентоспособную продукцию, но и внести свой вклад в устойчивое развитие индустрии моды. Обучение студентов бережному отношению к природным ресурсам при производстве одежды способствует формированию экологической ответственности и профессиональных навыков. Дальнейшие исследования могут быть направлены на разработку новых образовательных программ и интеграцию цифровых технологий для повышения эффективности обучения.

Ключевые слова: пошив, природные ресурсы, переработка отходов, экологическая мода, экологическое просвещение.

Поступила в редакцию: 14.04.2025

Одобрена: 30.04.2025

Первая публикация на сайте: 08.05.2025

МРНТИ: 14.35.07

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2025-2.08>

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ МОТИВАЦИЯСЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ ДАМУ ТҰРАҚТЫ МӘСЕЛЕСІ

*¹Ж.А.САУЫТЖАН^{1b}, ¹А.М.БЕЙСЕНБАЕВА^{1b}

¹академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
(Қарағанды, Қазақстан)

*zhibeksauytzhan@gmail.com, beisenbayeva_aigul@buketov.edu.kz

Аңдатпа

Мақала мамандық таңдаудың сәттілігіне, сонымен қатар кәсіби дамуға да әсер ететін маңызды фактор ретінде болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің кәсіптік мотивациясын дамыту мәселесіне арналған. Мақалада болашақ мұғалімдерді педагогикалық қызметке дайындауда жоғары білім беру ұйымының мотивациялық қызметінің маңыздылығы атап өтіледі. Мақаланың зерттеу бөлімінде авторлармен 6B01301 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының білім алушыларының болашақ қызметті таңдауына қанағаттануын анықтау мақсатында сауалнама ұсынылады және болашақ педагогтардың мотивациялық қызметінің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әдістер қолданылады. Жүргізілген сауалнама нәтижелері талданған және болашақ бастауыш оқыту мұғалімдерінің кәсіби уәждемесін дамыту тәсілдері, дайындық процесін түзетуге, болашақ мамандықтың оң имиджін қалыптастыруға әсер етуге мүмкіндік беретін іс-шаралар түрлері ұсынылған. Авторлар университеттің педагогикалық процесінің белсенді реакциясын болашақ мұғалімдерді даярлаудың маңызды үлгісі ретінде қарастырады.

Түйін сөздер: жоғары білім беру ұйымы, бастауыш білім беру, кәсіби мотивация, болашақ мұғалімдерді даярлау, мұғалімдік мамандыққа даярлау, педагогикалық қызмет, мотивациялық қызмет.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында Білім беру жүйесін реформалау және оның мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып мұғалімін даярлауға, оның кәсіби құзыреттеріне жаңа талаптар қойылады. Әлеуметтік тапсырыспен шартталған бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіптік даярлаудың стратегиялық мақсаттары, міндеттері және қызметі мемлекеттік деңгейде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен, «Педагог» кәсіптік стандартымен және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттармен реттелетін жоғары білім беру жүйесінде іске асырылады. Өз кезегінде жоғары білім беру жүйесінің алдында «ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым

мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін жағдай жасау» [Білім туралы, 2007] міндеті тұр. Тұтастай алғанда қоғамның білім деңгейі тәуелді болып келетін және кәсіптік міндеттерінің біріне бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру жататын бастауыш сынып мұғалімінің жеке басына және кәсіби дайындығына жаңа талаптар қойылады [Одинцова С.А., Гаркуша К.Г., 2019: 30 б.].

Сонымен қатар, қазіргі уақытта педагогикалық процесте болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің мотивациясын дамыту мәселесі теория үшін де, кәсіби дайындық практикасы үшін де өзекті және маңызды. Болашақ маманның жеке басының қалыптасуы, оның кәсіби шыңдалуы негізінен студенттік шақта қаланады. Білім алушылардың өз таңдауына, болашақ қызмет пәніне қанағаттануын анықтауға байланысты болжамды зерттеулер дайындық процесін түзетуге, болашақ мамандықтың оң имиджін қалыптастыруға әсер етуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты оқуға деген мотивацияны мамандық таңдаудың сәттілігіне ғана емес, сонымен қатар бастауыш білім беру мұғалімінің өзіндік және кәсіби дамуына әсер ететін өте маңызды фактор деп атауға болады. Жүргізілген зерттеулер, тек студенттік кездегі ғана емес, сонымен қатар, мектепте бастау алатын «мұғалімнің мотивациясы оқушыларды оқыту мен оқудың сапасы үшін өте маңызды» [Lazarides R., Schiefele U., 2024: p.2] және мамандық таңдауда қолдау көрсету, дұрыс бағыт беру керек екенін көрсетеді.

Оқыту және тәрбиелеу процесінде болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің мотивациялық қызметін қалыптастыру әрдайым зерттеудің пәні болып табылады, ал ол өз кезегінде осы мәселенің өзектілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Біздің жағдайда бұл мәселе болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің оқу және тәрбие процесінде мотивациялық іс-әрекетінің объективі арқылы қарастырылады. Осыған байланысты аталған мәселені шешуге бағытталған мақсатты педагогикалық жұмысты ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Негізгі бөлім

Мұғалімнің кәсіби қызметін ынталандыру аспектілерінің маңызды ғылыми-теориялық негізі Л.И.Божович, Н.А.Аминов, А.Н.Леонтьев, В.Э.Арутюнян, Г.И.Щукина, Э.Ф.Зеер, В.А.Якунин, И.А.Зимняя, Г.А.Мухина, Р.Ш.Сыдықова, В.С.Лазарев, А.Н.Печников, Т.В.Литвиненко, Т.Н.Щербакова және т.б. ғалымдардың зерттеулері болып табылады.

Мотивация дегеніміз не? Мотивацияның педагогикалық процестегі орны қандай?

Р.Ш.Сыдықова А.Ж.Тобағабылова, А.Т.Досбағамбетованың еңбегінде «мотивация – бұл адамның мінез-құлқы мен ойлауын, оның белгілі бір мінез-құлық пен іс-әрекетке деген ұмтылысын тұлға ішілік және сыртқы факторлардың әсерінен анықтаудың күрделі процесі» деген ұғымға сүйене отырып, мотивацияның объективті (қоршаған ортаға, әлемге, адамға әсері) және субъективті (сыртқы әлемді қабылдау, оған жауап беру) аспектілерін көрсетеді, яғни «адамның белгілі бір мінез-құлыққа дайындығын сипаттайтын психологиялық жағдай ретінде сыртқы және тұлға ішілік факторлар мен мотивация арқылы белгілі бір іс-әрекетке деген ынтасы» [Сыдықова Р.Ш. және т.б., 2020: 168 б.] деп көрсетіледі.

«Мотивация салыстырмалы сипатқа ие, өйткені ол адам мен оның қоршаған ортасы арасындағы қарым-қатынасқа байланысты» [Njenga M., 2023: p.2] - деп көрсеткен. Студенттер тек теориялық тұрғыдан ғана білім ала беріп өздеріне керекті мотивацияға ие бола алмайды. Ол үшін әрдайым қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, өзіне қай жерде, қай кезде нақты қолдау керек екенін таба білуі және оны жиі-жиі қолданып тұруы өте маңызды болып табылады.

И.Йылдыз, Э.Топчу, С.Каймакчи еңбегінде «Мотивация - бұл белгілі бір мінез-құлықты орындау үшін тікелей байқалмайтын ішкі немесе сыртқы тітіркендіргіштермен жеке адамның белсенділігін білдіретін психологиялық процесс» [Yildiz İ. Et al., 2021: p.2] деп тек педагогикалық процесте ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жағдайда да жетістікке жету үшін адам ынтаны өз еркімен жасау керектігі айтылады.

Зерттеушілер А.К.Умирбекова, К.С.Ахметкаримова, Р.Ш. Абитаева «мотивациялық қызмет оқыту мен дайындықтың аксиологиялық сипаттамаларын, құндылық-семантикалық, көзқарастарын, болашақ мұғалімнің қажеттіліктері мен мотивтерін қамтамасыз етеді» және ол болашақ мұғалімнің бойында «кәсіби сенімдерінің, ойлауының өзгеруінен, педагогикалық құндылықтарды субъективті қабылдауынан көрінеді», - дейді [Умирбекова А.К. және т.б., 2020: 146 б.]. Олар педагогикалық құндылықтарды кәсіптің этикалық және моральдық құндылықтарға бөліп, адалдық, батылдық, төзімділік, жанашырлық, оқушыларға деген құрмет, әділеттілік және т.б. қасиеттерді мотивациялық қызметте маңызды екенін көрсетеді.

Болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің мотивациясын педагогикалық процесте дамыту барысында студенттерге көмек беретін бірден бір тұлға - ол ұстазы, яғни «оқытушы студенттерге өз болашағын мұғалім ретінде болжауға және бағалауға нақты мүмкіндіктер бере отырып, олар болашақты жоспарлауға және болашағына оптимизмді сақтауға қолдау бере алады [Hannab F. et al., 2023: p.1], себебі мұғалімнің мотивациясы мұғалімнің кәсібилігінің негізгі элементі болып саналады, сондықтан оқыту үшін үлкен маңызға ие [Thommen D. Et al., 2021: p.1].

Білім беру мазмұнының тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру сапасы болып табылады. Кадрларды даярлаудағы жоғары білім беру ұйымдарының артықшылықтарын атап өту қажет:

- болашақ мұғалімдер педагогикалық мамандықтың негіздерін түсінеді, бұл білім алушылардың инновациялық педагогикалық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- жоғары педагогикалық оқу орындары бүгінгі емес, ертеңгі педагогтарды дайындайды;
- болашақ педагогтарды даярлау үшін тұтас жүйе - білім беру ресурстары, жоғары білім беру ұйымдарының ғылыми әлеуеті жұмыс істейді. Мұндай дайындық жүйелі және кезеңді болып табылады [Алметов Н.Ш. және т.б., 2022: 124 б.].

Қазіргі таңда болашақ мұғалімдердің өз мамандықтарына деген қорқыныштары, жоғары білім беру ұйымдарынан соң мамандық бойынша жұмысқа орналаспауы немесе алып жатқан білімдерін аяқтамау сияқты мәселе көптеген елдерде жиі кездеседі. Зерттеушілер мұғалімдердің жалпы оқу сапасын анықтайтын факторлар ретінде білім, сенім және мотивация сияқты әртүрлі кәсіби құзыреттіліктерді анықтау мәселесімен айналысады [Jud J. Et al., 2023: p.1]. Аталған мәселелерге байланысты зерттеулер жүргізілген. Мысалы: неміс студенттерінің мұғалім болу туралы шешімдер қабылдау процесін ірі неміс университеті жүргізген. Нәтижесінде бұл зерттеу мансапты іздеу мен шешім қабылдаудың өзіндік тиімділігі, оның қайнар көздерін, шешім қабылдау мерзімдерін, мұғалімнің мотивациясын, болашақ мұғалімнің өзіндік тиімділігін және оқытушылық мансапқа деген шешімін зерттеді [Ann G. Wolf et al., 2021: p.1].

Сонымен қатар тағыда бір осындай зерттеу неміс педагогикалық колледжінің бірінші курс студенттері мен Чехиядағы әріптестерінің жұмысқа байланысты мінез-құлық пен тәжірибе үлгілері, мамандық таңдау мотивациясы және мотивациялық реттеу арасындағы байланысты зерттеп, қарастырған. «Бұл зерттеудің негізгі мақсаты болашақ мұғалімдердің жұмысқа байланысты талаптарды қанағаттандыру қабілетін және олардың педагогикалық білімінің басында денсаулыққа қауіп төндіретін осалдығын бағалау болды» [Mašková I. et al., 2022: p.1].

«Оқытуға дайынсыз ба?» атты мұғалімдік мамандыққа даярлау курсынан кейін, мұғалімдікке үміткерлер арасында жүргізілді. Бұл зерттеудің мақсаты: мұғалімдердің көптеген сипаттамаларының, яғни білім, сенім, өзіндік тиімділік және өзін-өзі реттеу қалай үйлесетінін және бұл сипаттамалардың мұғалімдердің болашақ кәсіби әл-ауқатымен қалай байланысты екендігін анықтау. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, мұғалімдер мансабын әртүрлі құзыреттілік деңгейлерінен бастайды: мұғалімдердің едәуір бөлігі «жақсы дайындалған» болып көрінеді және педагогикалық білім дамуға бағытталған барлық қажетті білім мен дүниетанымға ие болды [Holzberger D. et al., 2021: p.2].

Оқу тәрбие процесінде болашақ бастауыш білім беру педагогтарының мотивация жағдайын диагностикалау жұмысы 6B01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының білім алушыларымен Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогикалық факультеті базасында ұйымдастырылды.

Университеттің оқу процесінің міндеттерінің бірі - білім алушыларды болашақ кәсіби қызметіне ынталандыруға үйрету. Болашақ бастауыш білім беру мұғалімдері осы сапаларды әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы дамыту болжанады. Демек, педагогикалық процесте болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің мотивациялық белсенділік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әдістерді таңдауда құзыреттілік тәсілге сүйену керек. Бұл тәсіл білім алушылардың әлеуметтік салада анықталған кәсіби және жеке қасиеттерін, білімдерін, дағдыларын, қабілеттерін дамытады [Мурзатаева А.К. және т.б., 2022: 69 б.].

Осы мәселені зерделеу барысында құзіреттілік тәсіл білім алушының жеке басына кәсіби мәселелердің кең ауқымында бағдарлануға мүмкіндік береді, тұлғаның әлеуметтік-кәсіби ұтқырлығын, шығармашылық ізденісті, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуге, өзінің кәсіби білімі мен іскерлігін жаңартуға дайындығын болжайды деген пікірді А.И.Хаустова өз еңбегінде мәлімдеген. Болашақ бастауыш білім беру педагогтарын даярлауда құзіреттілік тәсілді қолдану жоғары білім беру ұйымдарының білім беру процесін неғұрлым толық ұйымдастыруға және бағалауға мүмкіндік береді [Хаустова А.И., 2017: 212-213 бб.].

Болашақ бастауыш білім беру мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру білім мазмұны арқылы жүзеге асырылады және оқыту-тәрбие әдістерін жаңа, стандартты емес жағдайларда қолдану дағдылары бойынша интеграцияланған жүйелі білімді игеру процесі болып табылады, жеке қасиеттердің дамуын болжайды және тұлғаның нәтижелі қызметке қабілеттілігін қамтамасыз етеді [Таурбекова А.С., 2021: 20 б.].

Зерттеу әдістері

Білім алушылардың болашақ бастауыш білім беру педагогінің кәсіби қызметінің уәждемесіне қатынасы туралы негізгі мәліметтерді алу үшін эксперименттік қызметте педагогикалық зерттеудің сауалнама әдісі пайдаланылды. Сауалнама Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті педагогика факультетінің 6B013 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша 2-3 курс білім алушылары арасында жүргізілді. Экспериментке қатысушылардың жалпы саны - 76 білім алушы.

Сауалнама әдістері 2022-2023 оқу жылының күзгі және көктемгі семестрлерінің басында (анықтаушы эксперимент) және 2023-2024 оқу жылының күзгі семестрінде (қорытынды эксперимент) Google формасын қолдану арқылы жүргізілді. Эксперимент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Khazar University және Әзірбайжан мемлекеттік педагогикалық университеті бірігіп ұйымдастырған «Bilim zhane Bolashak» ғылыми-зерттеу жұмыстарының бірінші халықаралық байқауы аясында басталып, толық бір жыл жүргізілді. Респонденттерге арнайы авторлық сауалнама әзірленіп, оның сұрақтарына ашық түрде жауап беру ұсынылды (https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdJwLOzonzX2GSeJ9wMB7S0-Eo4wEBh6ZwQWib2pwI8ls3Lcw/viewform?usp=sf_link).

Анықтаушы эксперимент барысында «Мамандығым бастауыш сынып мұғалімі» атты сауалнамаға студенттердің жауабы төмендегідей болды:

1. Мұғалім мамандығының қоғамдағы рөлін анықтауға бағытталған «Мұғалімнің қоғамдағы рөлі қандай?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың келесі нұсқалары берілген:

- мұғалімнің қоғамдағы рөлі өте жоғары, яғни шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, эканомика кеңістігіне шығуға, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелейтін маман (19 студент);

- мұғалімнің қоғамдағы рөлі маңызды, яғни болашақ маманды, болашақ тұлғаны тәрбиелейтін, білім нәрімен сусындыратын, болашаққа айқын жол сілтеп азамат етіп қалыптастыратын маман (17 студент);

- мұғалімнің қоғамдағы рөлі ерекше, яғни сұранысқа ие, қиын әрі қызықты, басқа мамандық иесінің өзі осы мұғалімнен білім алатын, үлкен жауапкершілікті талап ететін ұлағатты, сыйлы, білімді, білікті, қоғамда сыйлы маман (20 студент).

2. Респонденттердің өздері таңдаған нақты мамандығына деген көзқарастарын анықтау мақсатында «Бастауыш сынып мұғалімі мамандығын неге таңдадыңыз?» деген сұраққа келесідей жауаптар берілген:

- балалармен жұмыс жасау ұнайды, мұғалім мамандығын өз қалауымен таңдаған, бала кезден арманы, қызығушылығы болды деген жауаптар басым болды (31 студент);
- жан-жақтылықты дамытатын мамандық, басқа мамандықтарға қарағанда қызықтырақ, алғашқы ұстазыма еліктеп таңдадым деген жауаптар кездесті (25 студент);
- ата-анамның қалауымен, шәкіртақысы да, кейін айлығыда көп мамандық, қазіргі таңда сұранысқа ие, бұл мамандыққа мемлекеттік грант көп бөлінгендіктен деп таңдауын айтқан респонденттер болды (20 студент).

3. Мұғалімнің тұлғалық сипатын анықтайтын «Мұғалім болу үшін адам бойында қандай қабілет болуы маңызды?» деген сұраққа төменгідей жауаптар алынды:

- өз ойын нақты жеткізе білу, мәселені шеше алу және балалармен тез тіл табысу (20 студент);
- жаңалықты үйренуде еңбектену, әрдайым ізденіс үстінде болу (19 студент);
- баламен жұмыс жасауда сабырлық, мейірімділік, шыдамдылық көрсету, талап қоя білу (31 студент);
- жақсы көңіл-күй сыйлай білу тәрізді қабілеттері атаған (6 студент).

4. Қазіргі балалардың мұғалім жайлы ойын білу мақсатында «Балаларға қандай мұғалім ұнайды?» деген сұраққа алынған жауаптардың нұсқалары:

- білімді, мейірімді, сабырлы (30 студент);
- сабақты түрлі әдіс-тәсілдер қолданып қызықты, түсінікті, жаңашыл, шығармашылықпен өткізетін, өз ісінің шебері (25 студент);
- балалармен жақсы қарым қатынас жасай алатын, тілін табамын, бәріне көңіл бөлетін; өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайтын, креативті, жан-жақты, заманауи, өз-өзіне сенімді (21 студент).

5. «Мамандығымды дұрыс таңдамадым деген ой мазалайды ма?» деп болашақ мамандығы алдындағы қорқынышын білу мақсатында қойылған сұраққа жауаптар келесідей болды:

- жоқ, мазаламайды, себебі қай салаға қандай, мамандыққа түскенімді өте жақсы біліп келдім, осы мамандықты өз қалауыммен, жарқын болашағым үшін таңдадым (39 студент);
- кейде мазалайды, себебі балаларға дұрыс бағыт бағдар бере аламын ба деген ой болады (17 студент);
- ия, мазалайды, себебі басқа мамандыққа түскім келген (20 студент).

«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 2-3 курс білім алушыларына жүргізілген сауалнама нәтижелерінің жеткілікті негізділігі А.А.Реан модификациясындағы К.Замфирдің «Кәсіби қызметтің мотивациясы» әдістемесі көмегіне жүгінуге мүмкіндік болды.

Аталмыш әдістеме кәсіби қызметтің мотивациясын, оның ішінде кәсіби педагогикалық қызметтің мотивациясын диагностикалау үшін қолдануға болады, ал біздің жағдайда білім алушылардың таңдаған мамандықтарына деген мотивациясын бағалауға мүмкіндік берді және нәтижелерді диагностикалауда әдістеменің ішкі және сыртқы мотивация туралы тұжырымдамасы негізге алынды. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушылардың кәсіби уәждемесінің қалыптасуы таңдалған мамандыққа қанағаттануымен, оңтайлы мотивациялық кешенмен анықталды. Іс-әрекеттің өзі жеке тұлға үшін маңызды болған кезде ішкі мотивация (ІМ) туралы, ал егер басқа қажеттіліктерді қанағаттандыруға деген ұмтылыс болса, мысалы қызметтің әлеуметтік беделі, жалақы және т.б. мотивтері болса, онда бұл жағдайда сыртқы мотивация (СМ) туралы айту керек. Сыртқы мотивтердің өзі сыртқы оң мотивация (СОМ)

және сыртқы теріс мотивация (СТМ) болып бөлінеді. Ең жақсы, оңтайлы, мотивациялық кешендер комбинациялардың келесі екі түрін қамтуы керек: $IM > COM > CTM$, $IM = COM > CTM$. Ең нашар мотивациялық кешен $CTM > COM > IM$ комбинация түрін құрайды [Миронова Е.Е., 2006: 120 б.].

Респонденттердің жауабын талдай келе ішкі мотивацияға (IM) «балалармен жұмыс жасау ұнайды», қарым қатынасы жақсы», «тілін табамын», «көңіл бөлетін», «мұғалім мамандығын өз қалауымен таңдағаны», «бала кезден арманы», «қызығушылық», «білімді», «мейірімді», сабырлы мінезді», «сабақты қызықты, жаңашыл өткізетін», «өз ісінің шебері», «жаңалықты үйренуде еңбектену», «әрдайым ізденіс үстінде», «креативті», «өз-өзіне сенімді» деген жауаптарды жатқызуға болады.

Сыртқы оң мотивацияға (COM) «жан-жақтылықты дамытатын», «басқа мамандықтарға қарағанда қызықтырақ», «ғылым негіздерінен мәлімет беретін», «дүниежүзілік білім, ақпарат», «экономика кеңістігіне шығуға», «қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелейтін», «азамат етіп қалыптастыратын маман», «алғашқы ұстазыма еліктеп таңдадым» деп мұғалімнің қоғамдағы рөлін өте жоғары бағалаған жауаптарды жатқызуға болады.

Сыртқы теріс мотивацияға (CTM) «қиыншылық бар», «үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандық», «ата-анамның қалауымен», «шәкіртақысы да, кейін айлығында да көп», «қазіргі таңда сұранысқа ие», «мемлекеттік грант көп бөлінгендіктен таңдадым» деген жауаптарды жатқызуға болады. Анықтаушы эксперимент нәтижесі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Мотивациялық қызметтің қалыптасу деңгейлерінің орташа көрсеткіштері

Мотивациялық кешендер Көрсеткіші	Анықтаушы эксперимент	
	Қатысушылар саны (n=76)	Пайыз (%)
Ішкі мотивация (IM)	29	38%
Сыртқы оң мотивация (COM)	27	36%
Сыртқы теріс мотивация (CTM)	20	26%

Сауалнама нәтижелерін талдау респонденттердің көпшілігінде мамандық таңдаудың жетекші себептері білім алу және кәсіпті игеру екенін көрсетті. Сонымен, білім алушылардың 38% оқу кезеңінде білім алуға (IM), ал респонденттердің 36% болашақ бастауыш білім беру педагогы үшін керек кәсіби білімді игеруге және кәсіби маңызды қасиеттерді (COM) қалыптастыруға ұмтылды.

Қалған болашақ бастауыш білім беру мұғалімдерінің 26% білімді ресми игеру арқылы диплом алуға ниет білдірді. Осы топқа жататын білім алушылар 6B01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасына оқуға мотивациясыз түскен кездейсоқ адамдар қатарына жатады. Мұндай білім алушылар, әдетте, диплом алып, мамандық бойынша жұмыс істемейді. Атап айту керек, анықтаушы экспериментке білім беру бағдарламасының 2-3 курс білім алушылары қатысты. Олар оқу жоспары бойынша «Мамандыққа кіріспе», «Педагогика» пәндерін, жекелеген пәндер әдістемесін оқып, алғашқы педагогикалық тәжірибеден өткен. Демек, осы білім алушы тобында мамандыққа деген қызығушылықты ынталандыру мен мотивацияны күшейту, болашақ мамандықтың кәсіби құзыреттілігін игеруге деген ұмтылысты дамыту қажет. Сол себепті, жоғарыда аталған мәселені, яғни бастауыш білім беру мұғалімдерінің оқу және тәрбие процесінде мотивациялық іс-әрекеттерін шешуге бағытталған мақсатты педагогикалық жұмысты ұйымдастыру қажеттілігі туындады. Ол үшін Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогикалық факультетінде, оның ішінді деканат және бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы тарапынан төмендегі оқу-тәрбие шаралары жүзеге асырылуда (қалыптастырушы эксперимент):

1) Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тәрбие жоспарында дәстүрлі түрде

«Бөкетов түлектері» жобасы жыл сайын жоспарланған. Осы жоба аясында педагогика факультетінің түрлі жылдардағы түлектерімен бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы және осы мамандық бойынша білім алушылармен дәстүрлі кездесулер ұйымдастырылып тұрады. Бұл кездесулерге бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үрдісінде, мамандықтың, кафедраның кәсіби деңгейін көтеруде ғылым жолында еңбектеніп үлкен жетістіктерге жеткен ғалым-оқытушылар, мамандық бойынша білім алушылардың теориялық білімдерін әдістемелік қолдауда, тәжірибесін ұштауда атсалысып жүрген практик-мұғалімдер, білім саласында жетістікке жеткен Бөкетов түлектері шақыртылады. Кездесу қонақтары өз өмір жолдарымен таныстыру арқылы білім алушыларды мамандығының қыр-сыры мен ерекшеліктерін ашып, қатысушылардың таңдаған мамандығына деген қызығушылығын туғызуда үлкен рөл атқарады, «ешқашан білім алудан, ізденуден шаршамауға» кеңес береді [Бейсенбаева А., 2022: 24 б.]. Еңбек пен тәжірибенің ұшқыны ретінде ой-тұжырыммен бөлісіп, пікірлесу мақсатында ұйымдастырылып отыратын бұл шара - жастарға берері мол кездесу болып саналады. «Бөкетов түлектері» жобасы аясында атқарылған іс-шаралар ақпараттарымен білім алушылар Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 24.08.2020 жылы N:KZ42VPY00026142 куәлігімен тіркелген Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті студенттерінің аймақтық «Жастар әлемі - Мир молодежи» газеті беттерінен де танысады.

2) Жаңалыққа әуес кафедра оқытушылары білім, ғылым саласында болып жатқан өзгерістерден қалыс қалмай, бастауыш мектеп мамандарына қажет заманауи мәселелерді көтеріп, оқу үрдісіне жаңаша тыныс беруден шаршамай, ғылыми жобаларға жетекшілік етіп білім алушыларды конкурстарға қатыстырады. Мысалы «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтарының 2 курс студенттері арасында Абай атындағы ҚазҰПУ «Бастауыш білім беру» кафедрасы ұйымдастырылған педагогикалық шеберлік байқауына қатысып жүлделі орын иеленіп, шығармашылықтары мен кәсіби дайындықтарын шындады. Мамандық бойынша Республикалық пәндік олимпиадаларға, сайыстарға дайындалып қатысу білім алушыларды жан-жақты дамытып, көп мәдениетті ортаға бейімдеп, жоғары шығармашылық қабілеті бар мықты ұлттық санаға ие тұлға тәрбиелейді. Осындай шаралардың мақсаты: болашақ мамандардың педагогикалық мамандыққа деген қызығушылығын дамыту, оның беделін арттыру, студенттердің жеке шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау.

3) Бүгінгі күні технологиялық элементтерді дараландырудың маңызды факторларының бірі және оларды әркім қолдана алатындай тиімділіктің бірі - жылдамдығы едәуір артқан және адамдар арасында таңқаларлық кең таралған интернет [Yildiz İ. et al., 2021: p.1]. Оқу процесінде әлеуметтік желілер мен цифрлық ресурстардың мүмкіндіктері қазіргі таңда мотивациялық тәсіл ретінде кеңінен пайдаланылады. Оқу жоспарындағы таңдау пәні болып келетін «Бастауыш мектепте сандық білім беру ресурстарын қолдану әдістемесі» курсына құрамдас құрал ретінде, оқытушылар мен білім алушылар бірлесе отырып жасаған «Bilim_way» атты жоба жас мамандарға білім жолындағы көмекші – инстаграмм (https://instagram.com/bilim_way?igshid=YmMyMTA2M2Y=) және телеграмм (https://t.me/bilim_wayu/3) парақшаларының маңызы үлкен. Олар арқылы білім алушылар болашақ мамандығына керекті түрлі креативті идеялар арқылы сапалы білім алу, педагогикалық практика мәселелері бойынша жұмыс жүргізуді үйрену, оқу-тәрбие шараларын жоспарлап, әртүрлі әдістемелік жұмыстармен танысады. «Bilim_way» парақшасындағы «Рефлексия» рубрикасында мектептегі практик-мұғалімдермен тікелей эфирде кездесулер ұйымдастырылады. Тәжірибелі мұғалімдерге білім алушылар өздерін мазалап жүрген сұрақтарын қойып, педагогикалық тәжірибе барысында кездескен жағдаяттарды талқылап, сауалдарына жауап алады.

4) «Мамандыққа кіріспе», «Педагогикалық шеберлік» курстарынан оқытушының жетекшілігімен орындалатын жұмыстар, білім алушылардың өздік жұмыстары барысында түрлі тасырмалар беріледі, солардың бірі - фильмотека жинақтау тапсырмалары. Ұстаз

мамандығын таңдағандар балалардың бойындағы қасиеттері мен қабілеттерін дамыту үшін оның жүрегінің есігін ашатын кілттерді іздеумен болады. Осы кезде жинақтағы фильмдерді көріп талдау, пікір-талас ұйымдастырылады. Мысалы, «Когда зовёт сердце» / «Жүрегің шақырғанда» (режиссер М.Лэндон, Канада, Румыния, АҚШ, 2013). Режиссер бұл фильм арқылы көрерменге ерекше ой салуды мақсат еткен және соған жете білген. «Өмірде екі нәрсені таңдаудан қателеспейміз керек, олар - жар таңдау және мамандық таңдау. Мамандық таңдау қиынға соққан кезде, жүрегіңе құлақ сал, сол кезде барлық қиындықтан өтесің» - дейді режиссер М.Лэндон. Бұл фильмді көре отырып болашақ мұғалімдердің түйетін ойы – заманауи ұстазға өзгеше, басқа талаптар да қойылады, бірақ өзгермейтіні тек балаларға деген сүйіспеншілік. «Тренер» / «Бапкер» (режиссер Данила Козловский, Ресей, 2018) фильмінде ешқашан артқа шегінбеу, әр оқушы жайлы толыққанды іздену, оның мықты жақтарын байқау, онымен тіл табыса білу ұстаз үшін ең керекті қасиеттер екені баяндалады. Бұл фильмнің негізгі идеясы – «оқушысының жетістікке жетуі ұстаздың еңбек етуге деген құлшынысына тікелей байланысты». Сонымен қатар «Учитель года»/ «Жыл мұғалімі» (режиссер Уильям Дир, Канада, США. 2003), «Учитель на замену»/«Ауыстыруға келген мұғалім» (режиссер Тони Кей, АҚШ, 2011) фильмдері нағыз ұстаз бейнесін жарқын, көрнекі, сапалы бейнеленген және «не істеп жатқаныңызды уайымдамаңыз, қандай адам екеніңізді уайымдаңыз» деген ұстаным таңдаған жолда сенімді әрі тура жүруге бағыттайды [Әліпбекова С., 2020].

Осындай фильмдердің қатарында 2021 жылы түсірілген «Ахмет. Ұлт ұстазы» (режиссер Есжан М., Қазақстан, 2021) атты қазақ зиялыларының бірі - Ахмет Байтұрсынов туралы түсірілген 6 сериялы тарихи драмалық сериалды ұсына аламыз. Сериалдың негізгі идеясы ретінде Ахмет Байтұрсынұлының: «Бай болу үшін кәсіп қылу керек, білімді болу үшін оқу керек, күшті болу үшін бірлік керек һәм осы керектердің жолында әрекет қылу керек» деген ұлы сөзіндегі әрекет ұғым алынып отыр [Есжан М., 2021]. Аталмыш фильмді көрген сайын білім алушылардың мұғалімдік мамандыққа қызығушылығы, әрі өз мамандығын дұрыс таңдағанына сенімдері артып, мақсатқа қол жеткізу барысы анық, әрі нақты көрінеді.

Жоғарыда аталған оқу-тәрбиелік, әдістемелік шараларды өткізу арқылы, білім алушылардың болашақ мамандығы туралы бойындағы үрейлерін жеңіп, таңдаған мамандықтарына деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беруге болады.

Қорытынды экспериментке 156 білім алушы қатысты, бұл анықтаушы экспериментке қатысқандардың санынан 80 респондентке артық, себебі анықтаушы экспериментке тек 2-3 курс білім алушылары қатысқан болса, 2023-2024 оқу жылында қорытынды эксперимент 1-4 курс білім алушыларын қамтыды. Педагогикалық процесс субъектілерінің проблеманы көруін нақтылау үшін экспериментке қатысушыларға бірнеше қорытынды сұрақтарға жауап беріп, оларды Google-формаға тіркеу ұсынылды (қорытынды эксперимент, (<https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdqil9icbMjg5SZBJYMofbxZgcKYx8AkDdJFw0yTvASDjsGBw/viewform?vc=0&c=0&w=1&flr=0>).

1. Мамандық таңдауға сыртқы ықпалдың болуын білу мақсатында «Мамандығыңызды таңдауға сізге кімдер ықпал етті?» деген сұраққа:

- ата-анам, мұғалімдер (68 студент);
- ешкім көмек бермеді (56 студент);
- достарым, таныстарым (32 студент) деген жауаптар кездесті.

2. «Болашақта мамандығыңыз бойынша жұмыс жасауға ойыңыз қандай?» деген сұраққа төмендегідей жауаптар алынды:

- жұмыс жасаймын (135 студент);
- жұмыс жасамаймын (4 студент);
- ойлану үстіндемін (10 студент);
- тек грантты өтеймін (7 студент).

3. «Мұғалімнің басты ұстанымы қандай болу керек деп ойлайсыз?» деген сұрақ мұғалімнің

миссиясын анықтайды:

- тәрбиелей отырып білім беру (37 студент);
- үздіксіз даму (36 студент);
- балаларға сапалы білім беру (39 студент);
- мамандыққа деген сүйіспеншілік (44 студент).

4. Болашақ мамандығы алдындағы қорқынышын білу мақсатында «Неліктен бітіруші түлектер мамандық бойынша жұмыс істеуге қорқады деп ойлайсыз?» деп қойылған сұрақтың жауабы:

- өздеріне сенімсіз (44 студент);
- ата-ана және балалармен жұмыс істеу қиындығы (22 студент);
- тәжірибенің аздығы (70 студент);
- білмеймін (20 студент).

5. «Бастауыш сынып мұғалімі мамандығының қазіргі таңдағы беделі жайлы не ойлайсыз?» деген сұрақтың жауабы төмендегідей:

- жоғары (75 студент);
- орташа (23 студент);
- нақты айта алмаймын (15 студент);
- жылдан жылға өсіп келеді (43 студент).

6. «Мамандыққа дайындық ретінде қандай жағдайлар туғызу тиімді деп есептейсіз?»:

- практикалық жұмыстар жүргізу (47 студент);
- мектепке барып тұру, балалармен жұмыс жасау (47 студент);
- жоғарғы оқу орнындағы білім жеткілікті (32 студент);
- кітаптар оқу (23 студент);
- білмеймін (7 студент).

7. «Бөкетов түлектері» жобасы аясында өтетін кездесулер керек деп ойлайсыз ба?

- кездесулер жиі болса (30 студент);
- бұндай кездесулер ең үлкен мотивация болды (41 студент);
- кездесу барысында болатын пікірталас пайдалы (31 студент);
- түлектердің жеткен жетістіктері – үлкен мотивация береді (33 студент).

8. «Университеттің табысты түлегі» тақырыбынадағы кездесу сізге қандай ой салды?

- сабақты үздік оқып, алға ұмтылу, үздіксіз білім алу, өз-өзін дамыту (49 студент);
- мамандық таңдауыма сенімділік берді (39 студент);
- қойған мақсатқа жетуде талмай еңбек етсе табысқа кез-келген адам жетеді (50 студент);
- мансапқа жету үшін мойымай, алға ұмтылу, талпыну керек (31 студент).

9. «Түлектермен кездесуден түйген ойыңыз қандай?»:

- мамандығымды дұрыс таңдамадым ба деген күдіктерім сейілді, болашаққа деген сеніміміз артты (20 студент);
- бұл мамандықтың бұрын білмеген қырларымен таныстым (19 студент);
- әр білім алушының ойында жүрген сауалдарға жауап, ақыл-кеңес алу (15 студент);
- әрдайым жаңалыққа ұмтылу (16 студент);
- таңдаған мамандығыма сүйіспеншілігім артты (19 студент);
- осы салаған өз үлесімді қоса аламын және ат салысамын (21 студент);
- өзге елдерді көріп, өзге аймақтармен де білім, тәжірибе алмасу, қарым қатынас орнату (21 студент);
- өз маманыңның иесі болу, жетістікке жету (25 студент).

10. «Оқу процесі және педагогикалық тәжірибе сіздің таңдауыңызға әсерін тиізді ме?»:

- ия, мамандыққа деген қызығушылығым арта түсті (85 студент);
- мүмкін, мені мамандығыма одан әрі құштар болуым үшін алға қарай жетелеп таңдауыма сенімді оятады деп үміттенемін (50 студент);

- жоқ, оқу процесі мен педагогикалық тәжірибе мамандық тандаудағы күмәнімді сейілтпеді (21 студент) деген жауаптар алынды.

